Hemicy

# Қатар қанат қаққан

Қазақ әдебиеті ұлан-ғайыр дүниның әлем. Шалқыған шалқар мұхит. Көкжиегі шетсіз-шексіз салқар дала. Қолына қалам ұстаған, жүрегін жырмен тербеткен әр ақын-жазушы өз ойын осылайша бейнелеп жеткізсе керек. Сонда ғана барың төл әдебиетіміздің мерейі марқайып, мәртебесі асқақтары мәлім. Сөз зергерлері қашан кеткен аңыздарымыздан бастап әдебиетіміздің барлық жанрлары бойынша дүниеге келген жауһарларымыздың қай-қайсысы да назар аударғады. Әлемдік деңгейдегі туындыларымыз да жеткілікті. Оны тек жатжұрттық алақсыйлықтармен салмақтамай, қазақтың аса бай сөз құдіретімен бағалағанымыз абзал.

Ауызды қу шөппен сүрту қашанда әбестік. Әйтпесе өз шыны, өз шоқысы, өз айдыны, өз орманы мен өз даласы бар жоғарыда мегзеген ғажайып әлемді жасап жатқан қазақ жазушыларының туындырғандары да көл-көсір. Қуаныштысы, олардың дені ел ішінде тұрады. Бірақ сол жазармандардың аты-жөндерін шетінен тізбектеп, әл-әзірге есімізге түсіре алмаймыз. Кезінде Қызылорданың Зейнолла Шүкірові, Семейдің Кәмен Оразалині, Қызылжардың Зейнел-Ғаби Иманбаевы десек, бұл күнде Ақсу-Аюлының Кемел Жүністегі, Торғайдың Сейіт Кенжахметовы, Көкшетаудың Төлеген Қажыбаевы, Шымкенттің Мархабат Байғұты... деп кібіртіктеп, он саусағымызды да толтыра алмай қиналарымыз анық. Ақиқаты да солай. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, қай жазушы жаман жазғысы келсін. Бар қабілеті, бар туындырғаны көп күтер талғамнан табылмай жататыны рас. Бұл мәселенің екінші ұшы.

Ал, әлгі танымалдар сапында, сөз жоқ, менің Әли ағам бар. Өйткені бүкіл саналы ғұмырын, шығармашылық қызметін Жетісудің кіндік қаласы – Талдықорғанда өткізіп келе жатқан ақын, жазушы, драматург Әли Ысқабай есімін кең байтақ елімізде білмейтіндер некен-саяқ. Қолында билігі мен мөрі жоқ қаламгердің бақыты мен сүйініші – оқырман. Оған бұйрық та, өктемдік те жүрмейді. Жүрек әміріне көбірек жүгінсе керек.

Себебі, осы лебізге жанар жүгіртіп отырған сіз де кез келген шимай-шатпақты оқи бермейсіз ғой. Өз ойымды осылайша шегелеп, пікірімді шегендеуге Әли Ысқабай шығармашылығы толықтай тірек болады. Қазіргі таңға дейін әртүрлі жанрларда жарық көрген жиырмаға жуық кітаптың авторын қалың оқырман қауым негізінен балалар ақыны деп таниды. «Менің інім», «Солдат ағаға хат», «Көмекші шопан», «Жұмыскер құмырсқа», «Бесік жыры», «Айдостың арғымағы» секілді балдырғандар жанына ізгіліктің, адамгершілік пен жақсылықтың дәнін себетін ғамаша кітаптарды кез келген балалы үйдің, базарлы шаңырақтың төрінен көресің. Бүлдіршіндердің сүйікті кітабына айналған «777 жұмбақ» жинағы әлденеше мәрте басылды. Демек, оқырман сұранысы – оқырман бағасы. Қаламына сүйенген жазушы үшін бұдан артық бақыт жоқ шығар. Мектеп қабырғасында жүрген қаршадай кезінде:

*Бұлт торлады аспанды,*
*Жел тербейді жас талды.*
*Айдын көлде, тоғайда*
*Құстар әні басталды, –*

деп көгілдір көктем көрінісін әдемі өрнектеген балауса қалам ұшына ілінген жыр жолдары ақынжүректі аялап тербеткені даусыз. Жеткіншектерге арнап өлең жазу – қиынның қиыны. Бұл – әлмисақтан белгілі қағида. Бала ұғымына лайық, лезде түсіне қоятын шып-шымыр ойлы шумақтар кішкентайлар қиялын қанаттандырып, сәбилік сезімін әлдилеуі тиіс. Айтуға оңай, әрине. Егіз шумақтарға бала көңілін аулар, қағілез де, ұшқыр назарын аударар ойды түйіндеп, табиғат суреттерін әсерлі бояулармен бедерлеу жанкешті ізденісті талап етеді. Осынау жауапты міндетті ары санаған Әли ақынды бүгін де нағыз балалар бағының бағбаны деуіміз орынды. Өйткені, оның жүрек домнасынан сүзіліп шыққан тақпақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар жасөспірімдер аузында жүр. Балабақшасына барыңыз, мектеп табалдырығын аттаңыз – өлең мен тақпақты тақылдатып, жаңылтпаш пен жұмбақты таласып айтып, сөз сырын ұғуға ұмтылған өрендерді жолықтырасың. Көбінің қолында – Әли аға кітабы. Мәртебелі қуаныш осындай-ақ болар.

Бесаспап қаламгер Әли Ысқабай ересектерге де арнап талай қалам тербеп келеді. Бұл орайда оның қаламынан туған «Жолмен де Пышан», «Зұлымдық зауалы» деректі драмаларын, «Қиянат», «Ғажайып құпия», «Құрбыма хат» т.б. хикаяттары мен «Боямасыз өмір» цикл-әңгімелер шоғырын бөлекше үкілеп айтқан дұрыс. Бүкіл ғұмырын журналистикаға, сүйікті кәсібіне бағыштаған ол нысаналы мақсатынан айныған емес. Әли де сапның бел ортасында, қолында қаламы.

Жоғарыда сөз әлемінде сездіргеніміздей, Жетісудің Әлиі әріптестерінің ортасында сол сырбаз да, биязы қалпын өзгертпей, маңғаз күйінде жетінші белесіне беттеп барады. Белестен-белеске биіктеген сайын маңдайың жарқырай түссін. Осынау інілік тілегімнің астарлы толқынын жаныңызбен ұғарыңыз шүбәсіз. Өйткені, Сіз Іленің күйғанында, ал мен Қаратаудың күйғанында дүниеге келіп, қос өзенді телемген Балқашымның асау толқынында шыңдалып өскен ұландармыз ғой. Әманда қатар қанат қаға берейікші, әз аға!

**Жанат ЕЛШІБЕК,**
**«Егемен Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы.**

# ...КЕУДЕ ТЫНЫСЫ

кейін де қызмет бабымен жолығысып, әңгімелесіп, бұрынғы сырымызды жырымызбен толықтырып, ара-қатынас үзілген емес. Ал замандас қаламгердің шығармашылық еңбегіне келер болсақ, журналистік салада қаламының қарымдылығын танытудан ...